2- сабақ. «Билейтін робот» программасы

Бөлімі	**VI бөлім. Роботтехника: «Билейтін робот» жобасы (ортақ тақырыптар: «Қоршаған орта», «Саяхат»)**
Педагогтің аты-жөні	**Шайлавов З.Х**
Күні	2A, 29.04.2025 2B, 08.05.2025 2C, 29.04.2025
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**«Билейтін робот» программасы**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.4.1.1 тармақталған алгоритмді жүзеге асыру; 2.4.1.2 ауызша алдын ала белгіленген алгоритмді іске асыру; 2.5.2.1 ауызша нысанда көрсетілген алгоритм бойынша робот қозғалысын ұйымдастыру; 2.5.3.1 программаны бастау үшін, жанап өтетін датчикті қолдану; 2.5.1.1 роботқа арналған аудиофайлды жүктеу; 2.5.1.2. роботқа арналған программаны әзірлеу кезінде дыбысты пайдалану;
Сабақтың мақсаты	***Барлық оқушы:*** Билейтін роботқа арналған программа құруды үйренеді.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **І. Қызығушылықты ояту** ***«Пальма, піл, қолтырауын» ойыны*** Қатысушылар үш-үштен бөлініп тұрады. Модератор топтардың қайсысы нені бейнелейтінін көрсетеді. Мысалы, «пальма» десе, ортадағы ойыншы пальма ағашын бейнелейді, қалған екеуі пальмаға соғып тұрған желді бейнелеп көрсетуі тиіс. «Піл» десе, ортадағы ойыншы пілдің тұмсығын, қалған екеуі құлақтарын; «қолтырауын» десе, ортадағы ойыншы қолтырауынның аузын, екеуі жотасын көрсетуі тиіс. /Бұл ойын оқушыларға психологиялық жағымды көңіл күй сыйлайды/.			
Топтастыру	***Пазлдар әдісі*** *Мақсаты:* командалар құру, топ ішінде рөлдерді бөлу дағдысына үйрету. *Ресурстар:* кішкентай «миқатырғыш пазлдар» (суретті ашықхатты бірнеше бөліктерге бөлуге де болады). *Ойын барысы:* Әр топ «миқатырғыш пазлдар» алады. Мақсат – бөліктерді жылдам жинау. *Жаттығудың психологиялық мәні:* қатысушылар ойын түрінде командада тиімді әрекет жасауға, рөлдерді бөлуге, жұмыс сапасын жақсартуға, ортақ мақсатқа жетуге үйренеді. *Талдау:* Командада тапсырманы орындау қалай жүзеге асырылды? Неліктен?			

(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	✔ Мұғалім өткен сабақ пен жаңа сабақты ұштастыру мақсатында оқушыларға сұрақтар қояды. ✔ –Робот биінің алгоритмін ауызша қалай сипаттайсың? ✔ –Роботқа билеуге арналған әуенді қалай жүктеуге болады? Есіңе түсір.	• Оқушы лар ұжымдық үлгіде жауап береді. • Егер сұраққа жауап дұрыс берілмесе, мұғалім дұрыс жауапқа бағыттап, дұрыс жауапты табуға көмектеседі.	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Жапондық бағалау» әдісі** бойынша бағалайды.	

Жаңа сабаққа дайындық	Жаңа сабаққа дайындық ретінде **«Сұрақ-жауап» әдісін** қолданып, талқылау жұмысын жүргізу. Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша жеткізеді. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамауы керек, қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара талқылағаннан кейін мұғалім интерактивті тақтадан* ***сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлерімен*** *таныстырады.*			
Сабақтың ортасы (31 мин.)	**II. Мағынаны ашу** (білімді өзектендіру үшін). ***Оқулықпен жұмыс: «Мәтінмен жұмыс істеу» әдісі*** *Тапсырмалар*: ● мәтінді бірнеше бөліктерге бөлу; ● әр бөлікке атау беру; ● әр бөліктің негізгі ойын білдіретін сөйлемдерді анықтау; ● негізгі ұғымдарды сипаттайтын сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді табу; ● мәтіндегі барлық негізгі ұғымдарды кезегімен атап беру; ● мәтіндегі оқуға орын алған жерлерді атау; ● мәтінді аяқтаудың нұсқасын ұсыну.			Интерактивті тақта
	(Т)* 1-тапсырма.** ***«Өкіл» әдісі Топ тапсырманы орындап болғаннан кейін, әр топтан бір адам «өкіл» ретінде таңдалып, түсіндіру, жинақтау және басқалардың идеяларын анықтау үшін басқа топқа жіберіледі. Сосын не білгенін айту үшін өкіл өз тобына қайта оралады. Бұл зеріктіретін және қайталана беретін «өз тобына хабарлау» әдісінен аулақ болу үшін қолданылатын тиімді әдіс. Сондай-ақ, бұл өкіл тілін қолдануға және белсенді тыңдаушылар тобын құруға жағдай жасайды.			Интерактивті тақта
	***(Ж)* 2-тапсырма.** –1-суреттегі «Билейтін робот» программасын әрі қарай жалға-стыр. –Программаға қандай блоктар қосасың?	**Дескриптор** • 1-суреттегі «Билейтін робот» программасын әрі қарай жалғастырады. • Программаға қандай блоктар қосатынын айтады.	Оқушылар бірін-бірі **«Жапондық бағалау» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта
Сабақтың соңы (7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**III. Ой толғаныс. Рефлексия** ***(Ө) «Парасатты диалог» әдісі*** Оқушы мен мұғалім арасындағы қорытынды диалог парасатты, рефлексивті, түсінушілікті білдіру мен тексеруге бағытталған болып, барлық оқушылар өз ойлары мен пікірлерін білдіре алатындай болуы тиіс. Оқушылармен диалогтің сапасын талқылаңыздар және олардың мақсатын айтуды және оны қалайша жақсартуға болатынын (қажеттілігіне қарай) айтуды сұраңыз. **Мақсаты:** оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. **Тиімділігі:** тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды; жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.		Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Жапондық бағалау» әдісі** бойынша бағалайды.	

Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай	Денсаулығын және қауіпсіздік ережелерін сақтау.

	тексеруді жоспарлап отырсыз?	
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.	**«Жапондық бағалау» әдісі.**	Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.

Жалпы бағалау

Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз?

1:

2:

Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым керек?

1:

2: